



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ

орындағандар: Медешова Ш, Нажмадин К, Қорғанов Б

-
- Маңғыстау облысы — Қазақстан Республикасының қиыр оңтүстік-батысында орналасқан әкімшілік бірлік|әкімшілік бірлігі.
 - Маңғыстау облысы Атырау облысымен және Түркіменстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы және Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Иран елдерімен шектеседі. Облыс 1973 жылы 20 наурызда құрылды. 1988 жылдың 2 маусымында таратылып 1990 жылдың 17 тамызында тарихи "Маңғыстау" деген атпен қайта облыс болып құрылды. Облыс орталығы - Ақтау қаласы.
 - Қазақстанның теңізбен байланыстыратын жалғыз су бекеті Ақтау халықаралық теңіз сауда порты бар. Маңғыстау жерінің тумасы жазушы Әбіш Кекілбайұлы Маңғыстауды "Ұйқыдағы аруға" теңеген. Сонымен қатар ғарыштан түсірілген сурттерде Маңғыстау түбегінің контуры жас келіншектің профиліне ұқсайды.
 - Каспий теңізінің ғарыштан түсірілген суреті
 - Маңғыстау аймағы ежелгі кезеңдерден бері мал ш-мен айналысады. Топырағы сортаң, өсімдігі бұталы, ащылы, қысы ұзақ емес, бірақ желді, қара суық ызғырықты, ылғалы аз, көктемі созылмалы, континентті шөл далаға жатады.

-
- **Этимологиясы**
 - Маңғыстау сөзінің шығу тегіне қатысты сан түрлі пікірлер бар. Соның бірі көшпелілердің құтты мекен, мың ауыл немесе мың қыстау дегені халық арасында кең таралған. 1985 жылы жарық көрген Е.Қойшыбаевтың "Қазақстанның жер-су атаулары атты сөздігі" кітабында Маңғыстау атауының шығу тегі туралы төрт болжам келтірілген. Біріншісі, өлке аты "мың" және "қыстау" тіркесінен шыққан. Екіншісі - ноғайдың "менк" деген тайпасының атынан ауысқан. Үшіншісі көне түркі тіліндегі "мен" төрт жастағы қой сөзіне "қышлақ" жалғауы арқылы қалыптасса, төртіншісі Е.Қойшыбаевтың өз болжамы бойынша "Маңғыштағ" "Құбыжықтар тауы" дегенді білдіреді [3].
 - Маңғыстаудың өлкетанушы ғалым Серікбол Қондыбай "құбыжықтарға" қатысты болжам дұрыс деген ой айтады. Шығыс түркі () және моңғол мифологиясында "маңғыш" (маңғыс, мангус) айдахар, кеоамет құбыжықтар дегенді білдіреді. Моңғолдарда ол тек зұлым, зиянды сипатқа ие болса, түркілерді екіұдай жақсы жаман қасиетке ие ретінде баяндалады. Қондыбайдың айтуы бойынша Маңғыстауда мекен еткен оғыз түркмен тайпалардың арасында "салыр" руы болған, бүгінгі түрікмен ұллытының құрамында "салор" ірі руы тайпасы бар. Сонымен қатар Қытайдағы Цинхай өлкесіндегі түркітілдес салыр мен осы салор арасында тарихи генетикалық байланыс бар деген тұжырым айтады. Маңғыстауға келген оғыздар Қаратауды "Маңғыштағ" деп атаған. Айдахар туралы аңыздар түрікмен халқында да, қазақ халқында да (Айназар батыр туралы) бар.
 - Оғыз салылар "Маңғыштағ" атауын өздеріне дейінгі аңыздарға негіздеп жасаған, аударма (калька) топоним. Сондықтан "Маңғыстауды" маңғыш тау қорқынышты алып айдаһардың мекендеген тауы немесе "айдаһартау" дегенді білдіреді деген тоқтам жасауға болады.

-
- Географиясы
 - Қосымша қараңыз Маңғыстау географиясы
 - Маңғыстау өңірі – Қазақстанның оңтүстік -батыс бөлігінде орналасқан. Облыстың батысы мен солтүстігін қоршай орналасқан Каспий теңізі арқылы Шығыс Еуропаға шығуға толықтай мүмкіндік болса, оңтүстігінде Түрікменстан, оңтүстік-шығысында Қарақалпақстан, солтүстігі мен солтүстік-шығысында Атырау, Ақтөбе облыстарымен шектеседі.

 - Облыстың шеткі нүктелері:
 - Батыс - Каспий теңізіндегі Құлалы аралы ш.б.
 - Шығыс Қазақстанның Ақтөбе облысы және Өзбекстан, Маңғыстаудың шектескен жерінде
 - Оңтүстік - Түркіменстан шекарасындағы Қапыланқыр шыңдарының жар қабағы
 - Солтүстік - Атырау облысымен шкарадағы Желтау болып табылады.
 - Маңғыстау облысының ең биік нүктесі - Шығыс Қаратау жотасындағы Бесшоқы тауы (). Ең төменгі нүктесі Қарақия немесе Батыр ойысының түбі (), Бұл ойыс өзінің тереңдігі жөнінен дүниежүзінде бесінші орын алады.

- Бүгінгі жағдайы
- Маңғыстау облысының жер көлемі 16 564,2 мың га құрайды. Облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымы 5 ауданнан, 5 облыстық маңызы бар қаладан, 6 кенттен, 55 ауылдық елді мекеннен және 43 ауылдық округтен тұрады [6]. Қала халқының саны 274,6 мың адамды құрайды (76%), ал ауыл тұрғындарының саны - 87,1 мың адам (24%). Облыс орталығы - Ақтау қаласы, бұрынғы атауы Шевченко қаласы. Қаланың алғашқы іргетасы 1963 жылы Ленинград жобасымен Каспий теңізінің жағасында салына бастады. Халқы 2005 жылдың басында Ақтау қаласының халқы 159,2 мың адамды құрады. Бұл барлық облыс халқының 44%. Ақтаудан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 2413 км. Ақтау қалалық әкімшілігіне мынадай поселкелер кіреді: Маңғыстау (тұрғындарының саны 19,4 мың адам) және Өмірзақ (1,4 мың адам).

- Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері алғашқы құрылған аудан Маңғыстау облысында Мұнайлы ауданы болып құрылды. Екінші аудан Алматы қаласындағы Алатау ауданы. Мұнайлы ауданы Ақтау қаласының маңына жақын шет елдерден отанына орала бастаған және қоныстана бастаған саяжайларды дамыту мақсатында құрылды.

- Маңғыстау облысына кіретін аудандар:

#	Атауы	Орталығы	Халық саны	Құрылған жылы
1.	Ақтау	Ақтау	185 100	1963
2.	Жаңаөзен	Жаңаөзен	142 000	1968
3.	Бейнеу ауданы	Бейнеу	62 586	1973
4.	Қарақия ауданы	Құрық	34 066	1973
5.	Маңғыстау ауданы	Шетпе	35 963	1928
6.	Мұнайлы ауданы	Мұнайлы	128 750	2007
7.	Түпқараған ауданы	Форт-Шевченко	24 128	1992

-
- Тарихы
 - Толық мақаласы: Маңғыстау тарихы
 - Маңғыстау облысы Маңғыстау түбегінде орналасқан. Облыстың атауы географиялық орналасуына байланысты берілген. Маңғыстау туралы алғашқы деректер 950-960 жылдар шамасында мұсылман авторы Мұқаддасидің шығармасындағы хазарлардың Джурджан жағындағы шкарасы Бенкишлах деген қала атауы болған. Маңғышлақ атауы аталған Махмұт Қашқаридың Түрік сөздігі еңбегінде жазылған дерек 1070жылдап шамасында болған.
 - Маңғыстау туралы алғашқы жазба дерек 922 жылы Бағдадтан Еділ Бұлғармясына барған араб елшісі Ахмед ибн Фадлан Хорезмде болып, одан әрі Үстірт үстімен жалғастырып, жолшыбай 4 наурызда оғыз еліне жетеді. Жолда өткізген уақыттың қысқалығына қарағанда бұл мекен Бейнеу мен Жылыой аударндарының аралығында болған. Ибн Фадлан "Ар Рисале" атты еңбегінде оғыздар туралы біраз ақпарат келтірген [7].
 - Ұлы жібек долының бір тармағы Маңғыстау жерінен өткен, негізгі керуен жолдары ретінде Хазардан Хорезмге дейінгі жолдар пайдаланылған.

-
- Шерқала Маңғыстау облылысының төсінде орналасқан тау түзілісі. Сырттай қараған адам оны әр нәрсеге ұқсатып жүр. Кейбіреулер төңкерулі кесеге ұқсатса, енді біреулер таудан кәдімгі киіз үйдің бейнесін көреді. Шерқала Қаратаудың орталық және батыс жоталарының ортасында орналасқан тау түзілісі. Әйгілі жібек жолының қызып жатқан кезінде талайларға көлеңке, пана болған деседі. Кейбір аңыздар бойынша, бұрынырақта Шерқаланың төбесінде кішкене қалашық болған. Халық сол жерде өмір сүріп, дұшпандардың шабуылынан қорғанған екен. Таудың солтүстік бөлігі үздіксіз соққан желдің әсерінен қажалып, өзгеріске ұшыраған. Осы желдің әсерінен оның жан жағынан пайда болған жеке түзілістерді де байқауға болады. Ал оңтүстік бөлігі мен шығыс жағы тік жарлы. Жоғарғы жағы тегіс, адамның жүріп-тұруына ыңғайлы. Таудың етегінде төбесіне апаратын үңгір бар. Бірақ жергілікті қариялардың айтуынша, онда адамның кіруі қауіпті. Аңыз бойынша ол жерде өлген адамдардың жандары өмір сүреді екен. Осы жерде әйгілі суретші Тарас Шевченконың өзі келіп пленер жасапты. Поляк суретшісі Б. Залесский де осы жердің пейзажын қағазға түсірген.
 - Толығырақ: <https://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/Qazaqstanym/1057/>
 - Материалды көшіріп басқанда Massaget.kz сайтына гиперсілтеме міндетті түрде қойылуы тиіс. Авторлық құқықты сақтаңыз

-
- Геологиялық құрылымы[өңдеу]
 - Төңкерілген кеседей қырқа палеоген дәуірінің әктасты, сазбалшықты жыныстарынан түзілген. 1851 жылғы геологиялық экспедицияның құрамында Маңғыстауда болған поляк революционері Б. Залесский: “Шерқалаға алыстан қарағанда, Римнің керемет пантеондарын, ежелгі замандардың ескерткіштерін көргендей боласың. Жақындап келгенде, жеке қабырғалардың колонналарын, қираған мүсіндер сияқты ақ таулардың бағандарын көресің”, — деп жазып, Шерқала қырқасының суретін салып алған. Бұл сурет Залесскийдің “Қырғыз даласындағы өмір” атты альбомында 1856 жылы Парижде, 1989 жылы Алматыда қазақ тілінде жарық көрді. Қырқа арабша “жолбарыс қала” деген мағынаны білдіреді. Кезінде Бозащы түбегінен Хорезм мен Хиуаға жүретін жол бойындағы осы қырқалы тауда әскери қамал болған. Пирамида тәрізді таудың солтүстік-шығыс беткейінің түбінен жол тартылған. Шерқаланы үңгіп қазылған тоннель жоғарылаған соң екі тарау болып, қырқалы тау үстіне шығады. Қамалдың ұзындығы 300 м. Ернеулерінде сыйымдылығы екі-үш адамдық атқыш-садақшылар үшін орын бар.

■
,



-
- Үстірт қорығы[1] — Қазақстанның оңтүстік-батысындағы табиғи кешенді қалпында сақтау мақсатымен 1984 жылы құрылған мемлекеттік шаруашылық.
 - Маңғыстау облысындағы Қарақия ауданы жерінің аумағы 223,3 мың га.



-
- Тарихы[өңдеу]
 - Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы 1984 жылдың 12 шілдесінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің N° 294 қаулысымен ұйымдастырылған.

 - Мақсаты[өңдеу]
 - Үстірт қорығы - қазақстанның Батыс өңіріндегі жалғыз қорық. 1984 жылы ұйымдастырылған қорықтың негізгі мақсаты - шөл зонасының табиғат кешенін табиғи түрінде сақтап қалу. Үстірт мемлекеттік табиғи қорығында ландшафтың алуан түрі кездеседі. Қорықта қорғау, ғылым, ақпарат және мониторинг экологиялық ағарту және туризм бөлімі, табиғат мұражайы және есеп бөлімі жұмыс жасайды. Үстірт қорығының ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің аға, кіші, ғылыми қызметкерлері бекітілген тақырыптар бойынша ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

 - Қорық аумағында мекендейтін аң - құстарды, өсімдіктердің дамуын зерттеу, олардың өсіп өнуін үнемі қадағалай отырып, бір жүйеге келтіру тізімдеп, талдап, қорғау жұмыстарын ұйымдастыруға ғылыми негіз жасау қорықтың ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің негізгі атқаратын жұмыстары.

 - Қорық республикалық маңызы бар табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ең жоғары санатына жатады. Ұйымдастырылу мақсаты қорық аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады.


-
- Бесшоқы 4 – 1) Шығыс Қаратауды ұзына бойлап жатқан шоқылар сілемі. Маңғыстау тауларының ең биік жері. Абс. биікт. 556 м; 2) Б-ның солт-нде жатқан жотаның солт-нен Қаракешуге қарай сұғына орналасқан шоқылар сілемі. Топырағының беткі жағы сарғыш түсті кебір, астыңғы қабаты ақ. Беткейі тақыр, шоқы ұштары сүйір болып келген.



-
- КЕНДІРЛІ – Каспий теңізінің оңтүстік-шығысындағы шығанақ. Маңғыстау облысы Қарақия ауданында орналасқан. Құрлыққа 22 км шамасында еніп жатыр. Батыс бөлігінде Кендірлі құмқайырымен ұштасады. Шығанақтың теңізге шығар жеріндегі ұзындығы 3 км. Орташа тереңдігі 3,5 м. Солтүстік жағалауға жақын бөліктерінде су асты жартастары су бетіне шығып жатыр. Шығанақтың теңізге шығатын жерінде сүйірлі келген Порсу мүйісі орналасқан. Жағалауында неогеннің құм шөгінділері түзілген. Кезінде Форт-Александровск – Красноводск аралық байланыс бекеті және балықшы ауылдарының мекені болған. Сонымен қатар жаугершілік кезеңнен қалған 7 қыз мұнарасының қирандысы сақталған.

-
- Ел экономикасының қарыштап дамуына туризм саласының қосатын үлесі орасан зор. Бұл ретте мемлекетте үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Үкіметтің 2014 жылғы 19 мамырдағы N°508 қаулысы бойынша туристік саланы дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілген болатын. Ол тұжырымдама бойынша елімізде Астана, Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан туристік кластерлері құрылды. Соның ішінде Батыс Қазақстан кластеріне қарайтын Маңғыстау облысындағы Кендірлі демалыс аймағының орны ерекше.

-
- Кендірлідегі демалыс, сауықтыру ошақтары 1970 жылдардан бері салына бастаған еді. Алғашқы кездері мұнайшылар балалары үшін демалыс орындары, одан соң Жаңаөзен мұнайшылары үшін демалыс орындарын салу қолға алынған. Соған орай Жаңаөзен қаласынан 65 шақырым жердегі Кендірліге асфальт жол, жоғары кернеулі электр желісі, су құбыры тартылып, көркі көз тартарлық демалыс үйлері салынып, нағыз жайлы демалыс орнына айнала бастаған көрінеді. Ал соңғы жылдары халықаралық туристік аймақ ретінде дамыту қолға алынып, нақты жоспарлар бекітілді. Елбасы осы жерде Ресей, Орталық Азия мемлекеттері президенттерінің басқосуларын және Шет ел инвесторлары кеңесінің жиынын өткізген болатын.



ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫ

Tree Of
Life...



SUNSET



СТИГЛ



СЕРЕБРЯНЫЕ ПЕСКИ



ДОСТАР



НУР ПЛАЗА

